ЖШС «Ара Майя» бөбекжайы

«Армысың, әз Наурыз!»

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: **«Армысың, әз Наурыз!»**

Мақсаты: Балаларға Наурыз мерекесінің маңызын түсіндіру,қазақ халқының салт-дәстүрі мен ұлттық құндылықтарын дәріптеу.Балалардың ұлттық мерекеге деген қызығушылығын арттырып,достыққа,бірлікке,үлкенді сыйлауға,кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.

А.Жорабаеваның орындауындағы «Наурыз-көктем» әнінің ырғағымен ортаға қыздар мен балалар билеп кіріп, жарты шеңберге тұрады.

Атты бала шауып кіріп, шеңбер бойы жүгіріп жүреді.

Бала: Алақай, алақай!!! Той басталды!!! Тойымыз тойға ұлассын!!! Ақ мол болсын!!! Қайда барсаңда жол болсын!!!

Жүргізуші: Келіңдер, Наурыз тойға бәрің бүгін!

Аямай өнерпаздар ән мен жырын
Тойлайық халық тойын Наурызымның,
Шуағын жерге төккен бақыт күнін!

Сәлеметсіздер ме, құрметті тойға жиналған көпшілік, сіздерді «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен» шын жүректен құттықтаймыз!

Барлығы: Құттықтаймыз!

Жүргізуші: Олай болса, биылғы Жаңа жыл баршамызға бақыт және табыс әкеле берсін деп, ертеңгілігімізді бастаймыз!

Ән: «Наурыз-көктем» әннен кейін орындарына отырады.

Жүргізуші: Наурыз тойы – береке,
Наурыз тойы – жыр, аңыз.
Қызып дулы мереке,
Қызық думан құрамыз.

-дей отырып, «Қарлығаш» тобының наурыз тойына алып келген тақпақтарын қабыл алыңыздар.

Д.Алинұр:Қош келдің, Наурызым ардақты, Халқым саған бар үмітті арнапты Жылда солай келе бергін жасарып, Гүлге бөлеп, нұрға бөлеп аймақты.

Ф.Алинұр: Қош келіпсің Наурыз!
Арман тойы халықтың.
Қуанышы халықтың,
Құтты болсын қадамың!

Дания: Сәнді көктем - Наурыз! Наурыз тойы - жырымыз. Көңіл гүлдей жайнасын. Құлпырсын күн мен ай. Құтты болсын Наурыз!

Серік:Наурыз келді,жыл келді
Наурыз келді ,нұр келді
Доңыз жылы еліме
Әкелсін байлық- береке

Айбар:Күттіріп келген жыл басы, Бізбен бірге жырлашы Елімнің дастарханына Береке, ырыс сыйлашы

Б.Ернар:Доңыз жылы кел төрлет,
Ел достығын өркендет.
Мол болсын ырыс, құт,
Болсын елде тыныштық.

Билал:Қыс өтіп , қар кетіп,
Шырайлы жаз жетіп.
Шаруаның кенелген,
Мейрамы ежелден

Құтты болсын Наурыз!
Сұңқар: Ұлыс бақыт әкелсін,
Әр күніміз жақсы болсын.
Достығымыз берік болсын,
Білім - өнер серік болсын.
Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын.
Әлсейіт: Бақта құстар сайрайды,
Жайнап көктем нұрымен.
Жаңа дәстүр жырымен,
Ел Наурыздыы тойлайды.
Жүргізуші: Қош келдің, Наурызым, төрлет бері,
Қыр төсін жауқазындай өрнектеді.
Тіршілік тамырына нәр жүгіріп,
Жадырады адамдардың келбеттері.
-дей отырып бүлдіршіндердің мың бұрала билеген өнерлерін тамашалаңыздар.
Би: Батырлар биі
Сұңқар,Мирас,Серік,Айбар,Д.Алинұр
Жүргізуші: Әдетте, Наурыз күні адамдар қулық пендешілік атаулыдан арылып, өзінің ар-ожданы алдында есеп берген екен. Осы күні барлық адамдар бір-бірімен төс қағыстырап амандасқан екен.
Балалардың төс қағыстыруы: Әлсейіт, Билал
Қыздарымыздың орындауында: «Қасиетті домбыра»әнін қабыл алыңыздар
Орындайтындар:Айша,Дания,Серік
Айша: Құтты болсын Наурыз той!
Құлпырып тұр қыр мен ой.
Күн мен түн теңелді,
Жер шуаққа кенелді.
Мирас: Күн мен түн теңелді,
Жер шуаққа кенелді.
Қуанышты ел енді,
Наурыз келді салтымыз.
Бағнұр: Малдар төлдеп, қой қоздап,
Сүттен бұлақ ағызған.
Жаңа жылдың сипаты,
Молшылыққа аңыз боп,
Басталыпты Наурыздан.
А.Ернар: Күн мен түн теңелді, Жер шуаққа кенелді Қуанышта ел енді Наурыз келді, салтымыз "Көгерсін"деп халқымыз Көшеге тал егеді.
Димаш: Би биледік бәріміз!
Егін өңін толқытқан,
Елдің көңілін шалқытқан.
Бас иеміз- Наурыз!
Темірхан: Сені тойлап қарсы алып,
Бар әлемге жар салып,
Сәлем бердік, біз сізге!
Элман: Ұлы күні ұлыстың Күн мен түнді теңеген
Тәтті дәмін ырыстың
Таттық Наурыз көжеден.

Толғанай: Наурызды халқымыз
Жыл басы санайды.
Көнермес салтымыз
Көктемдей арайлы.
Ақнұр:Наурыз тойын әдемі
Әжем еске түсірді
Біздерге арнап әдейі
Наурыз көже пісірді.
Ән: Бипыл-бипыл-ай
Жүргізуші: Ал келіңдер, қонақтар!
Досқа құшақ ашайық.
Өлең жырға басайық.
Қазақтың бір салты деп,
«Бесікке салу» тойын бастайық.
Көрініс: «Нәрестені бесікке салу»
Жүргізуші: Наурыз күні жастар ұлттық ойындарды ойнап, «Алтыбақан» теуіп көңілдерін көтерген екен. Ал біз қандай ұлттық ойын білеміз?
Балалар: «Арқан тартыс», «Асық», «Теңге алу», «Ақ сүйек»...т.б.
Наурыз. Жарайсыңдар, балалар. Олай болса, жайлауда бойымызды бір жазып ойын ойнап тастайық.
Ойындар: «Қыз қуу». «Күш сынасу». «Асық ату».
Ән: «Наурыз »
Би: «Қамажай» (Қыздар)
Жүргізуші:
Наурыз құтты болсын!
Дендеріміз сау, мықты болсын!
Қош сау болыңыздар, халайық!
Көріскенше күн жарық болсын!
Барлықтарыңызды Наурыз дастарханына шақырамыз.
«Бәйтерек» пен «Құлыншақ» ересек топтар.
Жүргізуші:
Шығыс күн парағы бойынша күн мен түн теңеледі де 22-наурызда Ұлыстың ұлы күні басталады.
Дәстүрімізге айналған Ұлыстың ұлы күні – Наурыз құтты болсын! Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, Наурыз тойын тойлатып Жаңа жыл келді. Той құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Ұлы мереке сіздерге тек жақсылық әкелсін!
Еркемай:
Уа, жараңдар, жараңдар,
Бәрің бері қараңдар!
Наурыз думан басталады,
Бір сәт зейін салайық.
Ұштасқан оймен мәңгілік
Біздерде бар сан ғұрып,
Ғасырлардан ғасырға
Келе жатқан жаңғырып.
Бермен жақын тұрыңдар,
Сөзіме көңіл бұрыңдар.
Жауқазындай Наурыздың

Жарапазан жыры бар.
Мөлдір:
Ұлыс күні кәрі-жас
Құшақтасып көріскен.
Жаңа ағытқан қозыдай
Жамырасып өріскен.
Ұлыс күні қар еріп,
Сай-салалар гүрілдер.
Көк шөбі шығып желкілдеп,
Дүние біткен күлімдер.
Жүргізуші:
Наурыз тойын жұп жазбай
Қошеметпен қарсы алайық.
Досқа құшақ ашайық,
Өлең-жырға басайық.
Қазақтың бір салты деп
Тойға шашу шашайық.
Хор: «Наурыз береке»
Жүргізуші:
Ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ата-дәстүр салтымыз, әдет-ғұрпымыз, кісілік қадір-қасиетіміз, бүкіл этникалық болмысымыз – халықтың рухани өзегі, тіліміздің тірегі, мәдениетіміздің арқауы. Ендеше, қазақ тұрмысындағы орны бөлек, дархан да дара салттың бірі – «Ерулік».
Айжамал әже: Әй, шал – ау Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамында ел аузында көрші ақысы –тәңір ақысы деген сөз бар.Қазақ ерулік бермесе,дән қысырайды,босаға сөгіледі, жер жериді»-деп ырымдаған.Ерулік берген үйге риза болған жаңа көрші «Тәңір жарылқасын айтып,ықылас тілегін білдірген» көшеміздің басына жаңа жас отбасы көшіп келген екен, мен жаңа көрші Қаламқастан естідім! Ұят болар,Жас отбасын «Ерулікке» шақырайық.
Шал: Кемпір сен дұрыс айтасың,қазіргі жастар салт дәстүрді қайдан білсін. «Ерулік» –деген жаңадан көшіп келгендерге берілетін қонақасы ғой!Жаңадан көшіп келген адамдарды бөтенсіретпей,өз ортасына тартудың,сыйласудың үлкен белгісі.
(Қонақ болып Жанат әже ұлы мен келіні келеді.)
Амансыздарма, көрші! Наурыз мерекесі құтты болсын! Ұлыс оң болсын,Ақ мол босын!
Нұрислам:
Қазағымыздың кеңпейілділі барлығымыз да ұлтымыздың рухын көтерген, салт-дәстүрімізді құрметтеген дана халықпыз! Көрші-қолаң, ауыл болып жиылып келіп қалған екенсіздер, ниеттеріңізге үлкен рахмет! Ерулік тойымыздың басын көненің көзін көрген ауылымыздың ардақты ақсақалының батасын алудан бастасақ қалай қарайсыздар? (барлығы тізе бүгіп отыра қалып қол жаяды.)
Нұриддин:
А, құдайым, оңдасын!
Береке берсін басыңа!
Қыдыр келсін қасыңа!
Сенен байлық өтпесін!
Тәңір берген несібең
Саулық бассын үйіңді!
Тілеген тілегіңді берсін!

Аллаху әкпар!
Айжамал әже:Астан алып отырыңдар,келін ыстық шайыңнан,дайындаған наурыз көжеңді алып кел, дәм татып отырыңдар.Әй айналайын көрші қай ауылдан көшіп келдіңдер? Елдерің кім?
Бәйтерек тобы: Еліміз Жаныс болады.Талас ауылынан көшіп келдік.Сый,құрмет дәм татқызғандарыңызға рахмет!
Жүргізуші: Дана халықтың ұрпағымыз — олай болса ауылдың өнерлі азаматтары, қыз-жігіттер жиналып қалған екен, ортаға шақырайық айтысуға!
Жиылған жұрт: (Бәрекелді! О не дейді-ай! Ой де – деп шуылдасып, қол соғып өнерпаздарға шабыт беріп отырады).
Мирас Бәрекелді! Игі жақсылар, өнерпаздар жиналған екенбіз киелі өнеріміздің бірі – айтысқа да бет бұрсақ, қыз-жігіттер айтысын көрсетіп жіберейік.
Ш.Бауыржан: Қыздар айтысуға дайын болса, біздер дайынбыз – (деп жігіттер айтысты бастап кеттеді).
Б.Бегзат:
Шын жүйріктің аяғы шалыспайды,
Сұраспаған білісіп таныспайды-ау ай.
Ынтымақсыз ауылдан ырыс қашар,
Көріспеген ағайын алыстайды-ауай.
Айкен:
Ай болмаса аспанда адасады,
Көтермесе көңілді кір басады.
Жақсылардың кеудесі алтын сандық,
Кілт болмаса сандықты кім ашады.
Асылжан:
Өрге қарсы шабалмай қалшылдаған
Баға бар ма бәйге атта қамшылаған.
Жарқырап өт дүниеден ақ алтындай,
Көзің жасын көрсетпей тамшылаған.
Нұрай:
Қаратаудың басында бір топ киік,
Жан-жағына қарайды басын иіп.
Мінез-құлқың халыққа жағар болса,
Төбең көкке тұрады күнде тиіп.
Бәрі бірге: Ахау керім,
Бұраң белім
Күнде жиын, күнде той
Жүрген жерің-ай.
Жүргізуші:
Уа, халайық, халайық!
Ақ сандықты ашайық,
Бұл мереке бұл тойдың
Шашуларын бимен шашайық!
Би «Жайлауда
Жүргізуші:
Наурыз тойын жұп жазбай
Қошеметпен қарсы алайық.
Досқа құшақ ашайық,
Өлең-жырға басайық.демекші ендігі кезектә әнге берейік.

Ән «Қасиетті домбыра» Сабина
Жүргізуші: балалардың Наурызға арналған тақпақтарын айтып берсін.
Нұрхан:
Наурыз тойы тамаша
Қарсы алайық жаңаша
Шат күлкімен қуаныш
Еліме сыйлар жұбаныш
Бүршік жарып ағаштар
Асық ойнап балалар
Наурызды жүр қарсы алып
Аяулым:
Наурыз тойы салтанат
Наурыз тойы мархабат
Әр жүректен ән тарап
Шаттанады шартарап
Диас:
Наурыз тойы елдің тойы
Көктем тойы төлдің тойы
Ән айтатын күні бойы
Жақсы көрем Наурыз тойын
Кәусар:
Наурыз келді жыл келді
Тірілтуге гүлдерді
Сәнденеді аналар
Сәбилермен бірге енді
Наурыз келді нұр келді
Түгел аймақ түрленді
Бақшадағы балалар
Тойға әзір үлгерді
Бақдаулет:
Наурыз келді алақай!
Кел билейік балақай
Бізде қарап тұрмайық
Тойға шашу шашайық
Хор: «Дастархан»
Жүргізуші: Ал, жігіттер, қыздар күн де кешкіріп қалған екен!? Олай болса, қуаныш қуанышқа жалғасып, той тойға ұласа берсін! Барлығымыз жиналып «Белбеу тастау» ойынын ойнайық.
Ойынның шарты: балалар шеңбер болып отырады.Жүргізуші сайланады ол шеңбер сыртында белбеуді қолына ұстап жүгіреді де, өзіне жақын ойыншының артына білдірмей тастауға тырысады.(егерде ол біліп қойса тастамау керек)Белбеу тасталынғаннан кейін бала шеңберді айнала жүгіріп белбеуді аладыда,артында белбеу жатқан ойыншыны «Орныңды тап» деп белбеумен ұрады.Сөйтіп шеңберді айнал қуалап ,қайтып орнына келгенше ұрады.Ойын осылай жалғаса береді.
Жүргізуші:
Сонау Өзбек елінен келген биші қыздарымыздың өнерін тамашалайық!
Ән «Нұрлы көктем»
Айша мен Кәусардың орындауында қабыл алыңыздар!
Жүргізуші:

Ересек топтар арасындағы «Наурызым-мерекем,Наурызым-берекем» атты ертеңгілігіміз осымен аяқталды.Наурыз құтты болсын!









